

обучение»; семинар-тренинги по профессиональному самоопределению учащихся старших классов.

- содействие в организации экскурсий, практических занятий в образовательных учреждениях и предприятиях г. Караганды, являющиеся базами практик Университета;

- проведение мониторинга о профессиональном самоопределении, поступлении выпускников РЦПО в КарГУ им. Е.А.Букетова с последующим отслеживанием индивидуального образовательного маршрута.

Таким образом, образовательная среда ресурсный центр профильного обучения и вуз, наличие высококвалифицированного педагогического коллектива, интеграция среднего и вузовского образования – это залог успешного осуществления качественного образования. Ресурсные центры профильного обучения являются базовой площадкой по планированию профессиональной карьеры и самоопределению учащихся, где имеется возможность выбирать углубленные профессионально направленные программы, формы образования и успешно определять свой профессиональный путь.

Литература:

1. [http://uob.sko.gov.kz/page.php?page=razvitie\\_mksh\\_i\\_resursnyh\\_centrov&lang=2](http://uob.sko.gov.kz/page.php?page=razvitie_mksh_i_resursnyh_centrov&lang=2)

2. Ж.Ж.Турсынова, Б.К.Утемуратова// <http://articlekz.com/article/5779>

3. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31464238](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31464238)

*Тажигулова Г.О.*

*п.ғ.д, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Ахметжанова Г.А.*

*оқытушы, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Кашенов Е.Ж.*

*Босаға орта мектебі, Қараганды облысы*

### **Қазақстан білім беру жүйесінің құрылымы**

Бүгінгі таңда Қазақстанда жүріп жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер жалпы білім беру жүйесін реформалаудың жүзеге асырылуын талап етуде. Осы реформаға

сәйкес кәсіби оқыту жүйесінде көптеген келелі өзгерістер орын алуда. Қоғамымызда болып жатқан өзгерістер мен сол өзгерістерге байланысты туындайтын уақыт талаптары еліміздің техникалық тұрғыда білімді кәсіби мамандарын даярлайтын орта кәсіптік оқу орындарына да мол өзгерістер әкеліп, жоғары деңгейдегі талаптар қояда. Соңғы жылдары Қазақстандағы үздіксіз білім беру кешенін дамыту, оның әр сатысының талапқа сай өркендеуіне мемлекет тарапынан көмек беру кезек күттірмейтін міндет болып отыр [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесі жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлерін [2]:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды;
- 2) бастауыш білім беруді;
- 3) негізгі орта білім беруді;
- 4) орта білім беруді (жалпы орта білім беруді, техникалық және кәсіптік білім беруді);
- 5) орта білімнен кейінгі білім беруді;
- 6) жоғары білім беруді;
- 7) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қамтиды.

Білім берудің осы деңгейлері үздіксіз білім беру кешенімен сабақтасқан жағдайда техникалық және кәсіптік білім берудің барлық талаптары толық қамтамасыз етілуі сөзсіз. Өйткені, орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру деңгейі қызмет көрсету және басқару сипатындағы орта буынның білікті кадрларын даярлауға арналған кәсіптік білім беру бағдарламаларын қамтитын және сол арқылы үздіксіз білім берудегі негізгі буынды иемденетін деңгей болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік саясат принциптері айқындалады.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту — қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары

деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудық үздіксіз процесі.

Елімізде білім беру жүйесінің міндеттері халқымыздық ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады.

«Білім туралы» Заңда көрсетілген білім беру жүйесінің негізгі міндеттері:

- жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау;

- азаматтықты, үйелменнің, халықтың, қоғамның және мемлекеттің алдындағы жеке адамның құқылары мен міндеттерін ұғынуды, сондай-ақ республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қатысу қажеттігін тәрбиелеу;

- Республика тұрғындарына жалпы және кәсіптік білім алу үшін мүмкіндіктер жасау;

- жеке адамның шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық тәрбиесін дамыту;

- қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау.

Білім беру бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты:

- 1) жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық);

- 2) кәсіптік (үлгілік, жұмыстық);

- 3) қосымша болып бөлінеді.

Үлгілік оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленеді.

Жұмыстық оқу бағдарламалары тиісті үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;

- 2) бастауыш білім беру;

- 3) негізгі орта білім беру;

- 4) жалпы орта білім беру болып бөлінеді.

Дарынды адамдардың әлеуетті мүмкіндіктерін неғұрлым толық дамыту үшін оқу бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды көздейтін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары әзірленеді.

Адамдардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуеттік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.

Білім беру бағдарламалары экономика салаларындағы кәсіптік қызмет бағыттары бойынша білікті жұмысшы кадрлары мен орта буын мамандарын даярлауға, жеке бастың кәсіптік және жалпы білім деңгейін дәйекті түрде арттыруға бағытталған.

Кәсіптік бағдарламалар мазмұнына қарай:

1) техникалық және кәсіптік білімнің;

2) орта білімнен кейінгі білімнің;

3) жоғары білімнің;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына бөлінеді.

Үздіксіз оқу жүйесінде білім беру мәселесі бойынша «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы» (2013ж.) бірқатар ұсыныстар беріліп, жаңа шешімге бағыттап отыр. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі құзыреттіліктің ұлттық жүйесін қалыптастыру және білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында қазақстандық жоғары білім берудің беделін арттыру болуы қажет [3].

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасында келесі ұсыныстар берілген «...кадрлармен қамтамасыз етуге қатысты ахуалды ескере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын қайта құрылымдауда сыпайы тәсілдерден бас тарту қажет. Тілдік құзыреттілікті қоса алғанда, халықаралық деңгейдегі тиісті құзыреттерге ие инженерлік және техникалық кадрлардағы қажеттіліктерді қамтамасыз етуге ресурстарды бағыттауы керек.

Мыналарды:

ескірген немесе сұранысқа ие емес ғылыми және білім беру пәндерін алып тастау, сонымен бірге сұранысқа ие және перспективалық бағыттарды күшейту;

орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім берудің оқу жоспарларына практикалық машықтарға оқыту және практикалық біліктілік алу бойынша бағдарламаларды енгізу арқылы бағытын және екінін өзгерту;

кәсіпкерлікке бағытталған оқу бағдарламаларын, білім беру курстарын және институттарын құру қажет.

Индустрияландырудың келесі бесжылдығына қарай экономиканың жаңа талаптарына сәйкес жүйенің қайта жүктелуі үшін басталып кеткен білім беру инфрақұрылымын және білім беру технологияларын жаңғыртуды жеделдету маңызды.

Сондай-ақ мектеп пен университет объектілерін қоса алғанда, білім беру жүйесіндегі менеджмент технологияларын айтарлықтай өзгерту қажет. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізумен қатар, білім беру объектілерінің құрылыс стандарттары мен нормаларын өзектендіру маңызды болып табылады. Тәжірибеге балалардың әл-ауқат индексі енгізу керек. Бұл өскелең ұрпақтың шығармашылық және инновациялық ойлау қабілеті үшін ынталандыру тәсілдерін кеңейтеді. Кәсіптік-техникалық және жоғары білім бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім берудің оқу жоспарларына практикалық машықтарға оқыту және практикалық біліктілік алу бойынша бағдарламаларды енгізу арқылы бағытын және екінін өзгерту; кәсіпкерлікке бағытталған оқу бағдарламаларын, білім беру курстарын және институттарын құру қажет».

Білім беру жүйесінің бұл өзгерістерге сай жүргізіліп жатқан жұмыстарының бағытына жасалған талдаулар, қазіргі өмір талабына сәйкес әлемдегі педагогика, психология ғылымдарының жетістіктері негізінде үздіксіз білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отырғандығы байқалады. Осы тұрғыдан алғанда үздіксіз білім беру ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздерінің

зерттелуі қоғамдық қажеттілік болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған кәсіби оқытумазмұның үздіксіз білім беру жүйеде жетілдіру мәселелері мен олардың шешімін іздестіру өзінің көкейкестілігін дәлелдеуде.

*Әдебиеттер:*

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы// [adilet.zan.kz/ kaz/docs/U1300000](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000)

*Казимова Д.А.*

*п.ғ.к., профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Мусина А.*

*Инф-405 тобының студенті,*

*академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Ермекова Д.К.*

*Қарағанды қаласының №23 ЖББОМ-нің оқушысы*

### **Педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолданып информатикадан заманауи сабақты ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқу моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы тиіс. Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс»[1], - деп атап көрсетуіне сай, қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында келешек маманның ақпаратты зерттей